

## Кіріспе

“TAMOS Education” білім беру мектебінде (бұдан әрі – Мектеп) қызметкерлерді қауіпсіз жалдау – мектепте оқитын балалардың қауіпсіздігін қорғау және қамтамасыз етудің бірінші қадамы. Мектеп өз қамқорлығындағы оқушылардың қауіпсіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тырысады. Жұмыс беруші ретінде Мектеп барлық қызметкерлермен және еріктілермен осы міндетті бөліседі деп күтеміз.

## Мақсат пен міндеттер

Мектеп кадрлық саясатының мақсаты – қызметкерлерді жұмысқа алудың керекті процедуралар арқылы балалармен жұмыс жасай алмайтын немесе олармен тиісті деңгейде қарым- қатынасқа түсе алмайтынын анықтау немесе оларды аулақ ұстау.

Мектеп кадрлармен жұмыс саласындағы мақсаттары:

- лауазымға сәйкестігі, тәжірибесі мен қабілеттері негізінде үздік қызметкерлермен қамтамасыз ету;
- барлық жұмыс іздеушілерді тең жағдайда әрі кезекпен қарауға кепілдеме;
- іздеушінің кез-келген сипаты бойынша (нәсілі, терісінің түсі, ұлты, этникалық және ұлттық шығу тегі, діні мен сенімі, жынысы немесе жыныстық бағдарлығы, отбасы немесе азаматтық неке, инвалидтілігі немесе жасы) әділетсіз қарым-қатынастың болмауын қамтамасыз етеді;
- Қазақстан заңнамасына сай, ұсыныстар мен басшылығының барлығы сақталуын қамтамасыз етеді;
- Мектеп қызметкерді жұмысқа қабылдас бұрын барлық керекті тексерістерді жүргізу арқылы балалар мен жасөспірімдердің қызығушылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндетін орындауына кепілдеме береді.

Жұмысқа қабылдау процесіне тартылған қызметкерлер осы Саясаттың ережелерін сақтауға жауапты.

Мектеп жалдау тәсілінде ашық конкурс принципін ұстанады және ең жақсы үміткерлерді жұмысқа қабылдауға тырысады. Жалдау процесі кандидаттың лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес кандидаттың біліктілігі мен тәжірибесіне сүйене отырып, бос лауазымға мүмкіндігінше сәйкес келуін қамтамасыз етуі керек

Егер жұмысқа қабылдау процесіне қатысатын қызметкер үміткермен жеке немесе отбасылық байланысы болса, бұл туралы дереу мектеп әкімшілігіне хабарлауы керек және мұндай кандидатты тексеру және жалдау туралы шешім қабылдау процесіне қатыспауы керек.

Мектеп теңдік және әртүрлілік саясатын жүргізеді, бұл бос лауазымдарға үміткерлердің кемсітушілікке ұшырамауын қамтамасыз етеді:

- жасы;
- мүгедектік;
- нәсіл (терінің түсі, ұлты және этникалық шығу тегі);
- дін және / немесе наным;
- жынысы;

## Міндеттер мен жауапкершілік

Бас директор мен мектеп директорлары жауапты:

- тиімді саясат пен Қазақстан Республикасы заңнама талаптарына сәйкес қызметкерлер мен еріктілерді жұмысқа қабылдау рәсімдерін қамтамасыз етуге;
- Мектеп осы саясатты ұстануын бақылау

- Мектептің барлық қызметкерлерді жалдаудың және қажетті тексерулердің қауіпсіз рәсімдерін жүзеге асыруын қамтамасыз ету
- бұл саясатты өзге бөлімдердің ұстануын бақылау;
- рәсімнің әр сатысында оқушылардың қызығушылығын ескеру.



### Реттелмелік қызметтің және ротацияны анықтау

Мектеп атынан атқаратын кез-келген лауазым «реттелетін қызмет» деп аталады, егер осы түрлерде жүзеге асса:

- жиі, аптасына бір рет немесе одан да көп;
- түңгі уақытта, 2:00- 6:00 аралығы;
- күнделікті шартты орындайды, 30 күн ішінде төрт немесе одан да көп;
- балалармен байланысын қоса алады.

Еркін немесе ерікті негізде орындалатын міндеттер бір және жоғарыда аталған тармақтарды орындаған жағдайда реттелетін қызметке тең.

### Іріктеу мен жұмысқа қабылдау рәсімдері

#### Жариялау:

Мүмкіндіктердің теңдігін қамтамасыз ету үшін Мектеп үміткерлердің барынша кең ауқымын тарту үшін әр түрлі жерлерде барлық Бос орындар туралы хабарландырулар орналастырады. Барлық жарнамалар TAMOS Education компаниясының балаларды қорғауға және олардың әл-ауқатын жақсартуға деген адалдығын айқын көрсетеді. Өтініш берушілерге қатысты барлық құжаттама Қазақстанның деректерді қорғау туралы Заңына және TAMOS education деректерді қорғау саясатына сәйкес құпия түрде өңделетін болады.

#### Өтініш:

Мектеп толтырылған түйіндемені және олардың оқуы, жұмыс тәжірибесі және осы лауазымға сәйкестігі туралы сұрақтардан тұратын ілеспе хатты талап етеді (сонымен қатар, барлық үміткерлер жұмысқа орналасу тарихындағы олқылықтар мен сәйкессіздіктерді ескеруі керек). Өтініш бланкісінде растайтын құжаты қоса берілген өтініш берушінің соттылығы туралы мәліметтер бар. Өтініш формасын Мектеп өтініш берушінің сотталмағандығын растайтын құжатсыз қабылдамайды.

#### Лауазымдық нұсқаулар мен үміткерге қойылатын талаптар:

Лауазымдық нұсқаулар жұмысқа қабылдау процесінің алғашқы қадамы болып табылады. Онда қызметтің міндеттері мен қызметтік жауапкершілік толық әрі анық көрсетіледі. Үміткерге қойылатын талаптар тиісті лауазым бойынша жұмысқа қажет дағды, тәжірибе мен біліктіліктер туралы мәлімет беріледі.

#### Алдыңғы жұмыс орындарынан ұсыныстар:

Алдыңғы жұмыс орындарынан үміткерлер туралы пікірлерді Мектеп іріктеуден кейін бірден жинайды. Егер үміткер өтінішінде сол кезеңдегі бұрын жұмыс берушісімен ешқандай байланыста болғысы келмейтіндігін көрсетсе ғана бірыңғай жағдай болып есептеледі. Бұл кезде ұсыныстар сұхбаттасудан кейін ғана қаралатын болады.

Барлық жұмысқа қабылдау туралы ұсыныстар Мектеп үшін кем дегенде екі ұсыныстан аз болмауы шарт. Оның біреуі қазіргі немесе бұрынғы жұмыс берушісінен болуы керек. Егер соңғы лауазым балалармен жұмыс істеуге байланысты болмаса, онда екінші ұсыныс балалармен жұмыс туралы болуы керек. Ұсынысты берген тұлға үміткердің туысы бола алмайды. Ұсыныс әрқашан ұсынылатын тұлғадан сұралып, алынады; мақсаты – лауазымға үміткерді қабылдау үшін шынайы және нақты мәліметтер алу.

Ұсыныс беруші тұлғаларға үміткердің бұл қызметке лайықты екендігі және балалармен жұмыс істеуге жарамайтындығына негіз болуы сынды сұрақтар қойылады. Сонымен қатар, оларға үміткердің қандай да бір көзқарасты ұстанып, терроризм немесе экстремизмнің кез-келген формасын ұстанбайтындығын дәлелдеу ұсынылады.

Жұмыс туралы ұсынысқа дейін денсаулығына қатысты сұрақтар қойылмайтындығына назар аударыңыз. Кандидат ұсынған ұсыныстарды тексеру үшін әрбір ұсыныс берушімен мүмкіндігінше тікелей байланыс немесе телефон арқылы жүзеге асырылады. Мектеп үміткердің туысқандарынан ашық түрдесілтемелер, немесе ұсыныстар қабылдамайды.

#### **Сұхбаттасу:**

Ашық жұмыс орнына үміткерлермен сұхбаттасуды мүмкіндігінше екі сұхбат алушы қатысады. Сұхбаттасу барысында үміткердің қызметтік нұсқаулықты орындауы мен онда көзделген талаптарға сәйкестігі зерделенеді. Қауіпсіздік критерийлеріне таңдалған үміткердің сай келуі үшін, барлық ауытқулар мен бос орындар ескеріледі (қызметкерлердің қауіпсіз қабылдау нұсқаулығына сай).

Егер өтініш нысанынды толығымен ашылмаған болса, онда өткен тәртіптік әрекеттеріне, айыптауларына немесе сотталуына қатысты барлық ақпарат, әр оқиғаға Мектепте жекелей талқыланады және қарастырылады. Жағдайға байланысты сұхбат алушының бір мүшесі қауіпсіз жұмысқа алу бойынша тренинг өтеді.

Сұхбаттасуға шақырылған барлық үміткерлер жеке куәліктерін, мекен-жайы, диплом және сертификаттарын, оған қоса мектеп талаптары мен Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес құжаттарын беруі тиіс. Құжаттардың түпнұсқалары ғана қабылданады, фотокошірмелері қызметкерлердің жеке істеріне енгізіледі.

#### **Жұмысқа шақыру және жаңа қызметкерді қабылдау рәсімі**

Сұхбаттасудан кейін жұмысқа шақырудың келесі шарттары қаралады:

- өзара қолайлы басталу күні туралы келісім және еңбек шартына қол қою;
- үміткердің тұлғасын тексеру;
- кадр бөлімі құптаған екі ұсынысты алу;
- лауазымның «реттелмелік қызмет» екендігін анықтау;
- өтініш берушінің балалармен жұмыс жасауына тыйым салынған «реттелмелік қызметке» сәйкестігін анықтау;
- өтініш берушінің медициналық жарамдылығын тексеру;
- өтініш берушінің Қазақстанда жұмыс істеуіне рұқсатын тексеру;
- тағайындалған қызметке керекті кәсіби біліктілігін тексеру.

Үміткердің жеке ісінде кадр саясатына, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған құжаттардың тізімі жеке ісінде сақталады.

#### **Тұлғасын, Қазақстанда жұмыс істеу құқығы мен біліктілік/кәсіби статусын растау:**

Мектеп сұхбаттасуға келген барлық үміткерлер мына құжаттарын өткізуі керек: паспорт (шетел азаматтары үшін), жеке куәлік (Қазақстан Республикасының азаматтары үшін), Қазақстан Республикасының ережелерге сай Қазақстанда жұмыс істеуге рұқсаты / өзінің жеке басын куәландыратын құжаттары. Сонымен қатар, барлық үміткерлер өтініштерінде көрсетілгендей өздерінің біліктіліктерін дәлелдеуі тиіс. Тиісінше елде сотталмағандығы туралы анықтама да алуы керек.

#### **Денсаулық жағдайы:**

Барлық үміткерлер медициналық тексерістен өтуі шарт.

### **Кіріспе семинар:**

Барлық жаңа қызметкерлер Мектептің балаларды қорғау саясаты, Тәртіп кодексі сынды саясаттар мен рәсімдер, қызметкерлердің өз міндеттерін орындауға қатысты күтілетін жайттар толығымен көрсетілетін танысу семинарын өткізуі тиіс.

### **Қызметкерлердің бірыңғай орталықтандырылған тіркелімі:**

Мектептің кадрлар бөлімі және қызметкерлердің жеке істері жүргізетін әр түрлі персоналды есепке алудан басқа, мектептің кадр саясатына сәйкес қабылдау мен лауазымға сәйкестігін тексерудің бірыңғай орталықтандырылған есебі жүргізіледі. Бұл жазбалар оқу ісі жөніндегі Директорында жаңартылған күйде сақталады. Онда мынадай толық мәліметтер болады:

- Мектептің барлық педагогикалық қызметкерлері туралы;
- балалармен тұрақты байланыста жұмыс істейтін Мектептің барлық басқа қызметкерлері туралы

### **Жазбаларды сақтау / деректерді қорғау:**

Үміткердің өтініші қабылданған кезде, Мектеп өтініш беру барысында берілген барлық мәліметтерді жеке істе сақтайды. Оған жеке басын кәуәландыратын құжаттардың көшірмесі, аталған лауазым бойынша Қазақстан аймағында жұмыс істеуге рұқсат, медициналық анықтама мен біліктілік құжаттары кіреді. Үміткердің денсаулық жағдайы туралы ақпараттар Мектептің жұмыс беруші ретіндегі міндетін атқару үшін керек, мысалы егер қызметкер инвалид болған жағдайда жеңілдіктер беру немесе жұмыс орнындағы кез келген мәселелерді шешуге көмек көрсету үшін. Бұл құжаттар кандидаттың жұмыс істеген уақыт аралығында және еңбек шарты тоқтатылғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген кезең ішінде Мектепте сақталады. Бұл саясат Мектеп іс-шараларына қатысатын еріктілерге қатысты алынған барлық ақпаратқа қолданылады.

### **Ағымдағы жұмысбастылық:**

Мектеп бағалау рәсімдері барысында анықтау бойынша барлық қызметкерлерді тұрақты оқытуды және қолдауды қамтамасыз етеді.

### **Мектеп жұмысынан босату:**

Қаншалықты қызметкерлерді қауіпсіз қабылдауға тырыссақ та, олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде тәртіптік теріс қылықтар орын алу мүмкін. Бұл саясат ең алдымен қызметкерлерді барынша қауіпсіз жұмысқа алып, үміткердің жұмысқа шықпас бұрын жүргізілетін тексерістерге қатысты. Тәртіптік теріс қылықтарды қарау саясаты туралы толық ақпарат Мектеп оқушыларын қорғау саясатында, ата-аналардың шағымдарын қарау саясатында және оқытушылардың тәртіптік саясатында баяндалған.

### **Бақылау мен бағалау:**

Мектептің Бас директоры Мектеп саясатын бақылауға және бағалауға жауапты және осы Саясаттың жыл сайынғы қауіпсіздік аудитін ұйымдастырады..

Implemented: March 2019

Выполнено: март 2019 г.

Орындалды: 2019 жылдың наурыз айы

Reviewed: July 2022

Рассмотрен: июль 2022

Қайта қаралды: 2022 жылдың шілде айы

To be reviewed: July 2025

Подлежит рассмотрению: июль 2025

Қайта қарау: 2025 жылдың шілде айы



Қауіпсіздік талаптарына сай кадрлік саясат

General Director

---

---

Kazakh School Director

---

---

Russian School Director

---

---

Cambridge School Director

---

---

